



«ТехноЛизинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің МЕМЛЕКЕТТІК ЕМЕС ОБЛИГАЦИЯЛАРЫНЫҢ БІРІНШІ ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ ПРОСПЕКТІСІ

Эмитенттің толық атауы: «ТехноЛизинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Эмитенттің қысқартылған атауы: «ТехноЛизинг» ЖШС

Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны, облигациялық бағдарлама шеңберіндегі мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын) уәкілетті органның мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған мемлекеттік емес облигацияларды сатып алуға қатысты қандай да бір ұсыныстар беруді білдірмейді және құжатта қамтылған ақпараттың дұрыстығын растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары осында келтірілген барлық ақпараттың дұрыс екенін және инвесторларды эмитентке және оның орналастыратын мемлекеттік емес облигацияларына қатысты жаңылыстырмайтынын растайды.

Мемлекеттік емес облигациялардың айналымы кезеңінде эмитент Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасының талаптарына сәйкес қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында бағалы қағаздар нарығындағы ақпараттың ашылуын қамтамасыз етеді.

Нұр-Сұлтан қ., 2019 ж.

1

1. Эмитент туралы жалпы мәліметтер

1. Құрылтай құжаттарына сәйкес Эмитент туралы ақпарат:

1) Эмитентті бастапқы мемлекеттік тіркеу күні: 09 тамыз 2010 жыл.

Тіркеу органы: Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Астана қаласының Әділет департаменті Есіл ауданының Әділет басқармасы.

2) Эмитентті мемлекеттік қайта тіркеу күні (қайта тіркеу жүзеге асырылған жағдайда): 27 шілде 2016 жыл.

3) Эмитенттің қазақ, орыс және ағылшын (бар болса) тілдерінде толық және қысқартылған атауы:

	Толық атауы	Қысқартылған атауы
Мемлекеттік тілде	«ТехноЛизинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестік	«ТехноЛизинг» ЖШС
Орыс тілінде	«ТехноЛизинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	«ТехноЛизинг» ЖШС
Ағылшын тілінде	TechnoLeasing Limited Liability Partnership	TechnoLeasing LLP

4) Эмитенттің атауы өзгерген жағдайда оның барлық бұрынғы толық және қысқаша атаулары, сондай-ақ олардың өзгертілген күндері көрсетіледі:

Эмитенттің атауы өзгертілген жоқ.

5) егер Эмитент заңды тұлғаны (заңды тұлғаларды) қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған болса, онда қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаларға және (немесе) эмитентке қатысты құқық мирасқорлығы туралы мәліметтер көрсетіледі:

Эмитент заңды тұлғаны (заңды тұлғаларды) қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған жоқ.

6) Эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері болған жағдайда, заңды тұлғалардың филиалдарының (өкілдіктерінің) есепті тіркелуі туралы анықтамаға сәйкес олардың атаулары, тіркелген (қайта тіркелген) күндері, орналасқан жерлері және эмитенттің барлық филиалдары мен өкілдіктерінің почта мекенжайлары көрсетіледі:

Эмитенттің тіркелген филиалдары немесе өкілдіктері жоқ.

Қосымша ақпарат:

«ТехноЛизинг» ЖШС-тің бас кеңсесі мына мекен-жай бойынша орналасқан: Нұр-Сұлтан 010000, Тұран даңғ., 11, ДЖ-1, тел. +7-7172-688-079.

«ТехноЛизинг» ЖШС-тің Жеке еңбек шарты негізінде жұмыс істейтін мына қалаларда өкілдері бар: Алматы қ., Қостанай қ., Павлодар қ., Петропавл қ., Қызылорда қ., Қарағанды қ., Өскемен қ.

«ТехноЛизинг» ЖШС бөлімшелерінің мекен-жайлары:

- Алматы қ. 050000, Шевченко к-сі, 165б, Радостовец к-сінің қиылысы 72г, 612 кеңсе, тел. +7-727-323-61-70, +7-727-224-49-89;
- Қостанай қ. 110000, Баймағамбетов к-сі, 199, 213 кеңсе, тел. +7-7142-91-71-70;
- Павлодар қ. 140000, Короленко к-сі, 109, 3 қабат, тел. +7-7182-20-91-67;
- Петропавл қ. 150000, Букетов к-сі, 31А, «Әлем» БО, 3 қабат, тел. +7-7152-52-11-11;
- Қызылорда қ. 120000, Журба к-сі 12, 308 кеңсе, тел. +7-7242-70-79-68;
- Қарағанды қ. 100000, Ленин к-сі, 5, 113 кеңсе, тел. +7-7212-50-43-64;

- Өскемен к. 070000, Сәтпаев к-сі, 64, 605 кеңсе, тел. +7-7232-60-60-51.

7) Эмитенттің бизнес сәйкестендіру нөмірі: 100840004834.

8) ISO 17442 «Financial services - Legal Entity Identifier» (LEI) халықаралық стандартына сәйкес Legal Entity Identifier коды (бар болса):

Жоқ.

2. Егер Эмитенттің нақты мекенжайы заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамада көрсетілген эмитенттің орналасқан жерінен ерекшеленген жағдайда, байланыс телефондарының, факстың нөмірлерін және электрондық пошта мекенжайын, сондай-ақ нақты мекенжайын көрсете отырып, эмитенттің орналасқан жері.

«ТехноЛизинг» ЖШС Заңды және нақты мекен-жайы: Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Тұран даңғылы, 11-үй, ІЖ 1, пошталық индекс 010000,

Байланыс телефондарының нөмірлері +7-7172-688-079, +7-7172-688267,

Факс номері +7-7172-622-268,

Электрондық пошта мекен-жайлары: info@tnl.kz,

Вебсайт: <https://tnl.kz>.

2-тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздар туралы, оларды төлеу және олар бойынша кіріс алу тәсілдері туралы мәліметтер

3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:

1) Облигациялардың түрі:

Қамтамасыз етілмейтін купондық облигациялар;

2) Бір облигацияның номиналдық құны (егер бір облигацияның номиналдық құны индекстелген шама болса, онда бір облигацияның номиналдық құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі):

1 000 (бір мың) теңге;

3) Облигациялардың саны:

2 000 000 (екі миллион) дана;

4) Облигациялар шығарылымның жалпы көлемі:

2 000 000 000 (екі миллиард) теңге;

5) Облигацияның номиналдық құнының валютасы, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы:

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы (теңге);

Барлық төлемдерді (сыйақы төлемдерін және негізгі борыш сомаларын) Эмитент қолма-қол ақшасыз тәртіпте Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен (теңге) төлейді.

Егер облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылса, облигацияларды ұстаушының Қазақстан Республикасының аумағында теңгедегі банк шоты бар болған жағдайда, облигациялар бойынша төлемдердің барлығы теңгемен жүргізіледі.

Төлем жүргізген кезде теңгені басқа валютаға (тек қана АҚШ Доллары немесе Евро) айырбастауға Эмитент тиісті төлемді жасауға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының резиденті емес - облигацияларды ұстаушыдан тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда жол беріледі. Аталған айырбас Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген төлем жасалатын күнгі бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені басқа валютаға айырбастау (тек қана АҚШ

Доллары немесе Евро) Қазақстан Республикасының резиденті емес - облигацияларды ұстаушының есебінен жүргізіледі.

Облигациялар бойынша төлем жасауды жүзеге асырған кезде теңгені Қазақстан Республикасының резиденті емес - облигацияларды ұстаушының пайдасына айырбастауға жол берілмейді.

Эмитенттің айырбас кезінде туындайтын шығыстары Қазақстан Республикасының резиденті емес - облигацияларды ұстаушыға аударуға жататын сомадан ұсталады.

4. Орналастырылатын облигацияларға ақы төлеу тәсілі.

Осы шығарылымның облигацияларына ақы төлеу ақшалай қолма-қол емес нышанда жүргізілетін болады.

5. Облигациялар бойынша кіріс алу:

1) облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі (егер облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі индекстелген шама болса, онда облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі):

Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі облигацияларды айналысқа жіберудің барлық кезеңіне белгіленген болып табылады және жылына 14% (он төрт пайыз) құрайды;

2) Сыйақыны төлеу кезеңділігі және (немесе) облигациялар бойынша сыйақы төленетін күндер:

Сыйақы төлеу жылына 2 (екі) рет, бірінші айналыстан бастап, облигацияларды айналысқа жіберудің бірінші жылының басынан бастап әрбір 6 (алты) ай сайын, облигацияларды айналысқа жіберудің барлық кезеңі бойы жүргізіледі.

Сыйақы оны алу құқығына ие және сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басына Эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушыларының тізілімі жүйесінде тіркелген (бағалы қағаздар тізілімі жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарийдің орналасқан орнындағы уақыт бойынша) (бұдан әрі – «Тіркеу күні») тұлғаларға төленеді.

3) Облигациялар бойынша сыйақы есептеу басталатын күн:

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу облигацияларды айналысқа жіберу басталатын күннен басталады. Сыйақы есептеу облигацияларды айналысқа жіберудің барлық кезеңі бойы жүргізіледі және облигацияларды айналысқа жіберудің соңғы күні аяқталады;

4) Облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі:

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу Тіркеу күнінен кейінгі күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде ақшаны облигация ұстаушылардың ағымдағы шоттарына аудару жолымен теңгемен жүргізіледі;

Әрбір купондық кезең үшін облигациялар бойынша сыйақы алуға төлемдер жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша облигация ұстаушылардың тізілімі жүйесінде тіркелген тұлғалар құқылы;

Сыйақы номиналдық күн мен купондық сыйақының жарты жылдық мөлшерлемесінің көбейтіндісі ретінде есептеледі. Үтірден кейінгі белгілер саны және дөңгелектеу әдісі «Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – «Қор биржасы») ішкі құжаттарына сәйкес анықталады;

5) Облигациялар бойынша сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі:

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу айналысқа жіберу мерзімінің барлығы бойы жылда 360 (үш жүз алпыс) күн және бір айда 30 (отыз) күн уақыт базасы есебінен жүргізілетін болады.

6. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде жобалық қаржыландыру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:

- 1) ақшалай талаптардың сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары және болжанатын мерзімдері;
- 2) облигациялар ұстаушыларға негізгі шарт бойынша жасалған мүліктің меншік иегерінің ауысуы туралы, кредиторлар өкілдерінің арнайы қаржы компаниясының органдарына енгізілуі және олардың өкілеттіктері туралы ақпаратты ұсыну тәртібі;
- 3) арнайы қаржы компаниясының жобалық қаржыландыру және активтерді инвестициялық басқару мәмілесіне қызмет көрсетуге байланысты, бөлінген активтер есебінен жүзеге асырылатын шығыстарының тізбесі.

Қолдануға келмейді.

7. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде секьюритилендіру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:

- 1) оригинатордың, кастодиан-банктің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және басқаға берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдерді жинайтын тұлғаның атауы мен орналасқан жері;
- 2) секьюритилендіру мәмілесіндегі оригинатордың қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері;
- 3) талап ету құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуына бақылау жасау тәртібі;
- 4) бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдерді инвестициялау тәртібі;
- 5) секьюритилендіру мәмілесі бойынша қызметке ақы төлеуге байланысты шығыстар және оларға сәйкес арнайы қаржы компаниясы осы шығыстарды бөлінген активтерден шегеруге құқылы талаптар;
- 6) оригинатордың және секьюритилендіру мәмілесіне қатысатын тұлғалардың секьюритилендіруді қолдану тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер;
- 7) секьюритилендіру мәмілесін қамтамасыз ететін бөлінген активтер өсімінің мөлшері, құрамы мен болжамдық талдауы;
- 8) талап ету құқықтары біртектілігінің критерийлері;
- 9) облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған әр түрлі шығарылымдар облигацияларын өтеу кезектілігі.

Қолдануға келмейді.

3-тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру, айналысы, өтеу шарттары мен тәртібі, сондай-ақ Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша шарттары

8. Облигацияларды орналастыру шарттары және тәртібі:

1) Облигацияларды орналастырудың басталған күні:

Облигацияларды айналысқа жіберу басталған күн;

- 2) **Облигацияларды орналастырудың аяқталған күні:**
Облигацияларды айналысқа жіберу кезеңінің соңғы күні;
- 3) **Облигацияларды орналастыру жоспарланған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы):**
Эмитенттің облигациялары бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында орналастырылатын болады.
9. **Облигацияларды айналысқа жіберу шарттары және тәртібі:**
- 1) **Облигацияларды айналысқа жіберудің басталған күні:**
Облигацияларды айналысқа жіберудің басталған күні – Қор биржасының шарттарына сәйкес бірінші сауда-саттық өткізілген күн;
Бірінші сауда-саттық өткізілетін күн туралы хабарлама Қор биржасының ресми сайтында (www.kase.kz) жарияланатын болады;
- 2) **Облигацияларды айналысқа жіберудің аяқталған күні:**
Облигацияларды айналысқа жіберу мерзімі кезеңінің соңғы күні;
- 3) **Айналысқа жіберу мерзімі:**
Облигацияларды айналысқа жіберу басталған күннен бастап 4 (төрт) жыл;
- 4) **Облигацияларды айналысқа жіберу жоспарланған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы):**
Облигация Эмитенттің облигациялары бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарында айналыста болады.
10. **Облигацияларды өтеу шарттары және тәртібі:**
- 1) **Облигацияларды өтеу күні:**
Облигацияларды өтеу кезеңі басталатын күн – облигацияларды айналысқа жіберген күннен бастап 4 (төрт) жылдан кейін аяқталатын облигацияларды айналысқа жіберу мерзімінің соңғы күнінен кейінгі күн;
- 2) **Облигацияларды өтеу тәсілі:**
Облигацияларды ұстаушылар тізіліміндегі деректерге сәйкес облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақша аудару жолымен.
Облигациялар бойынша негізгі борыштың сомасын өтеу соңғы купондық сыйақыны бір мезгілде төлеумен жүзеге асырылады. Облигациялар бойынша сыйақы төлеу Тіркеу күнінен кейінгі күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде облигация ұстаушылардың тізілімінде тіркелген облигация ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақша аудару жолымен теңгемен жүргізіледі.
Егер облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылса, облигацияларды ұстаушының Қазақстан Республикасының аумағында теңгедегі банк шоты бар болған жағдайда, облигациялар бойынша төлемдердің барлығы теңгемен жүргізіледі
Төлем жасауды жүзеге асырған кезде теңгені басқа валютаға (тек қана АҚШ Доллары немесе Еуро) айырбастауға Эмитент тиісті төлемді жасауға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының резиденті емес - облигацияларды ұстаушыдан тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда жол беріледі. Аталған айырбас Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген төлем жасалатын күнгі бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені басқа валютаға

айырбастау (тек қана АҚШ Доллары немесе Евро) Қазақстан Республикасының резиденті емес - облигацияларды ұстаушының есебінен жүргізіледі.

Облигациялар бойынша төлем жасауды жүзеге асырған кезде теңгені Қазақстан Республикасының резиденті емес - облигацияларды ұстаушының пайдасына айырбастауға жол берілмейді.

- 3) Егер облигацияларды өтеу кезінде сыйақыны және номиналды құнын төлеу облигациялар шығарылымы проспектісіне сәйкес өзге мүлктік құқықтармен жүргізілетін болса, ондай құқықтардың, оларды сақтау тәсілдерінің, бағалау тәртібінің сипаттамасы және көрсетілген құқықтарды жүзеге асыруға құзыретті тұлғалар, сондай-ақ осы құқықтарға өтуді іске асыру тәртібі келтіріледі:

Облигацияларды өтеген кезде сыйақыны және номиналдық құнды төлеу өзге мүлктік құқықтармен жүргізілмейтін болады.

11. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша шарттары болған жағдайда келесілер көрсетіледі:

- 1) Облигацияларды сатып алу құқықтарын іске асыру тәртібі, шарттары:

Қатысушылардың (жалғыз қатысушының) жалпы жиналысының шешімі бойынша Эмитент өз облигацияларын ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда олардың айналысының бүкіл мерзімі бойы сатып алуға және сатуға құқылы.

Эмитенттің облигацияларды сатып алу бағасы:

- Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында, мәміле жасасатын күнгі нарықтық құннан шыға отырып;
- Бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында – мәміле тараптарының келісуі бойынша анықталады.

Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда сатылып алынған облигациялар өтелген болып есептелмейді және оларды Эмитент қайтадан орналастыра алады.

Эмитенттің облигацияларды сатып алуы облигациялардың өзге ұстаушыларының құқықтарын бұзуға әкелмеуі тиіс.

Орналастырылған облигациялардың саны (сатылып алынғандарды шегергендегі) туралы ақпаратты Эмитент Қор биржасының ресми сайтында ашып көрсетеді;

- 2) Облигацияларды сатып алу құқықтарын іске асыру мерзімі:

Эмитент қатысушылардың (жалғыз қатысушының) жалпы жиналысының облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдағандығы туралы облигацияларды ұстаушылардың барлығына осындай шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабарламаны Эмитенттің ресми сайтында (<https://tnl.kz>), Қор биржасының ресми сайтында (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің сайтында (www.dfo.kz) Эмитенттің ішкі қағидаларымен, Қор биржасының ішкі қағидаларымен және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет ресурсында ақпарат орналастырудың тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актімен белгіленген тәртіпте орналастыру арқылы хабарлайды.

Облигацияларды ұстаушылардың кез келгенінің Эмитент қатысушыларының (жалғыз қатысушысының) жалпы жиналысының облигацияларды сатып алу туралы шешімі жарияланғаннан бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Эмитент орналасқан жердің мекенжайы бойынша облигацияларды ұстаушыға тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініш жолдауға құқығы бар. Облигацияларды ұстаушының өтінішін Эмитент қатысушыларының (жалғыз қатысушысының) жалпы жиналысы өтінішті алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде қарайды.

Эмитент сатып алуды Эмитент қатысушыларының (жалғыз қатысушысының) жалпы жиналысының облигацияларды сатып алу туралы шешімі жарияланғаннан бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырады.

Ұстаушылары өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талаптар бермеген облигациялар облигациялардың айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін, осы Проспектіде қарастырылған тәртіпте өтеледі.

4-тарау. Ковенанттар (шектеулер), олар бар болған жағдайда

12. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда, келесілер көрсетіледі:

1) Эмитент қабылдайтын және бағалы қағаздар рыногы туралы Заңмен көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы:

12.1 Облигациялар айналысқа жіберілген бүкіл мерзім ішінде Эмитент міндеттенеді:

12.1.1. Несиелік рейтингтің Fitch Ratings рейтинг агенттігінің шәкілі бойынша «B-» деңгейінен немесе Standard & Poors немесе Moody's халықаралық рейтинг агенттігінің осыған ұқсас деңгейінен төмендеуіне жол бермеу;

12.1.2. Несиелік рейтингті кері қайтаруға немесе одан бас тартуға, сонымен қатар рейтингті жыл сайын жаңартылуының және (немесе) расталуының жоқ болуына жол бермеу;

12.1.3. Эмитенттің жарғылық капиталында Ж.А.Ниязбекова ханымның кемінде 75% тікелей иелік ету үлесін сақтау және Эмитентті бақылауды жоғалтпау;

12.1.4. Барлық міндеттемелер сомасының өзіндік капиталмен 7,5 (жеті бүтін оннан бестен) аспайтын арақатынасын сақтау;

12.1.5. Жылдық қаржылық есептіліктің аудитін «КПМГ Аудит» ЖШС, «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС, «Делойт» ЖШС немесе «Эрнст энд Янг» ЖШС компанияларының бірі жүзеге асыруы тиіс

12.1.6. Жылдық және аралық қаржылық есептілікті берудің Эмитент пен Қор биржасы арасында жасасылған листингтік шартпен белгіленген мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу;

12.1.7. Облигациялар Эмитентінің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді ұсынудың Эмитент пен Қор биржасы арасында жасасылған листингтік шартпен белгіленген мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу;

2) Ковенанттар (шектеулер) бұзылған кездегі Эмитенттің іс-әрекетінің тәртібі:

Осы Проспектімен көзделген шектеулер (ковенанттар) бұзылған жағдайда Эмитент бұзушылық орын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы бұзушылық туралы ақпаратты бұзушылықтың орын алуы себебін, осы бұзушылықты жоюдың тәсілі мен мерзімдерін егжей-тегжейлі сипаттай отырып Эмитенттің ресми сайтында (<https://tnl.kz>), Қор биржасының ресми сайтында (www.kase.kz) және

Қаржылық есептілік депозитарийінің сайтында (www.dfo.kz) орналастыру арқылы облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізеді.

Сатып алу туралы бірінші жазбаша талапты алған күннен кейінгі 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Эмитенттің қатысушыларының (жалғыз қатысушысының) жалпы жиналысы облигациялардың осындай сатып алу күніндегі, жинақталған және/немесе есептелген сыйақы ескерілген тиісті номиналды бағасы бойынша, шамалардың қайсысы ең үлкен екендігіне байланысты, облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдайды.

Эмитент Қатысушылардың (жалғыз қатысушының) жалпы жиналысы облигацияларды сатып алу күні туралы шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде облигацияларды ұстаушыларға алдағы облигацияларды сатып алу күні туралы Эмитенттің ресми сайтында (<https://tnl.kz>), Қор биржасының ресми сайтында (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің сайтында (www.dfo.kz) хабарлама орналастыру арқылы хабарлайды.

Эмитент орналастырған облигацияларды сатып алу облигацияларды ұстаушыдан облигацияларды сатып алу туралы бірінші жазбаша талап алынған күннен бастап 3 (отыз) күнтізбелік күннен асырылмай жүзеге асырылады.

Сатып алу облигацияларды ұстаушылар берген жазбаша өтініштердің негізінде ғана жүргізілетін болады.

Облигацияларды ұстаушылардың Эмитенттен өзге мүліктік балама немесе мүліктік құқықтар алу құқығы қарастырылмаған;

3) Ковенанттар бұзылған кездегі облигация ұстаушылардың іс-әрекетінің тәртібі:

Осы Проеспектімен қарастырылған конвенаттар (шектеулер) бұзылған жағдайда және/немесе Эмитенттен осындай бұзушылық туралы ақпарат алған жағдайда облигацияларды ұстаушылардың кез келгені бұзушылық туралы хабарланған күннен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде Эмитентке өзіне тиесілі облигацияларды жинақталған және/немесе есептелген сыйақыны ескерумен тиісті номиналдық құнына сәйкес келетін бағамен немесе облигациялардың әділ нарықтық бағасымен, қай шаманың ең үлкен болатындығына байланысты, сатып алуды талап етуге құқылы.

Облигациялардың ұстаушысы барлық қажетті деректемелерді көрсете отырып, еркін нысанда өтініш береді:

Заңды тұлға үшін:

- Облигацияларды ұстаушының атауы;
- Бизнес-сәйкестендіру номері;
- Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің номері, берілген күні және оны берген орган;
- Заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері;
- Телефондары;
- Банк деректемелері;
- Сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі;

Жеке тұлға үшін:

- Облигацияларды ұстаушының тегі, аты және, бар болған жағдайда, әкесінің аты;
- Жеке сәйкестендіру номері;

- Жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың номері, берілген күні және оны берген орган;
- Тұратын жері;
- Телефондары;
- Банк деректемелері;
- Сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі.

Сатып алуға өтініш бермеген облигацияларды ұстаушылар өздеріне тиесілі облигацияларды осы шығарылымның осы Проспектіде көрсетілген айналысқа жіберілу мерзімі аяқталғаннан кейін өтеу құқығына ие.

5-тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздарды айырбастау шарттары, мерзімдері мен тәртібі (айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару кезінде)

13. Айырбасталатын облигациялар шығарылған кезде мынадай мәліметтер қосымша көрсетіледі:

- 1) облигациялар айырбасталатын акциялардың түрі, саны және орналастыру бағасын белгілеу тәртібі, осындай акциялар бойынша құқықтар;
- 2) облигацияларды айырбастау тәртібі мен талаптары (егер облигациялардың шығарылымы толығымен айырбасталатын болса, айырбастаудың аяқталу күнінен бастап 1 (бір) ай ішінде облигациялардың шығарылымы жойылуға жататыны көрсетіледі, егер облигациялардың шығарылымы толығымен айырбасталмайтын болса, осы шығарылымның сатып алынған облигациялары одан әрі орналастырылуға жатпайтыны, айналыс мерзімінің соңында өтелетіні көрсетіледі).

Осы шығарылымның облигациялары айырбасталымсыз болып табылады.

6-тарау. Облигациялар Эмитентінің шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын мүлкі туралы осы мүліктің құны көрсетілген мәліметтер (қамтамасыз етілген облигациялар бойынша)

14. Эмитенттің шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын мүлкі туралы мәліметтер:

- 1) Осы мүліктің құнын көрсете отырып шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етудің сипаттамасы;
- 2) Қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы;
- 3) Кепіл затын өндіріп алу тәртібі.

Облигациялардың бұл шығарылымы қамтамасыз етілмеген болып табылады.

15. Атауын, орналасқан жерін, кепіл шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген банктің деректері (егер облигациялар банктің кепілдігімен қамтамасыз етілсе).

Қолдануға келмейді.



- 16. Инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде - концессия шартының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттің кепілдемесін беру туралы қаулысының деректемелері.**

Қолдануға келмейді.

7-тарау. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты

- 17. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты:**

- 1) Эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары:**

Лизингтік мәмілелерді қаржыландыру;

- 2) Инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде облигациялар ұстаушылар өкілінің қызметіне онымен жасалған шарттың талаптарына сәйкес ақы төлеуге байланысты шығыстар көрсетіледі:**

Қолдануға келмейді.

- 18. Эмитент бұрын шығарған, айналыста болу мерзімі аяқталған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен ақы төленетін облигацияларды шығару кезінде осы облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығару көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі.**

Қолдануға келмейді.

8-тарау. Эмитенттің орналастырылған (акционерлік қоғам сатып алғандарын қоспағанда) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан көп пайызын иеленетін құрылтайшылары туралы немесе ірі акционерлері (қатысушылары) туралы мәліметтер

- 19. Эмитенттің орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталына қатысу үлестерінің) акционерлік қоғам сатып алғандарды қоспағанда) он немесе одан астам пайызына ие құрылтайшылар немесе ірі акционерлер (қатысушылар) туралы мәліметтер:**

- 1) Құрылтайшының немесе ірі акционердің (қатысушының) тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) (жеке тұлға үшін):**

Эмитенттің жалғыз қатысушысы Ниязбекова Жанар Амангелдыевна (ЖСН: 770705400325) болып табылады, оған «ТехноЛизинг» ЖШС-те үлестің 100% тиесілі;

- 2) Құрылтайшының немесе ірі акционердің (қатысушының) толық атауы, орналасқан жері (заңды тұлға үшін);**

- 3) Құрылтайшыға немесе ірі акционерге (қатысушыға) тиесілі дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы:**

100%.

- 4) Эмитенттің құрылтайшысы немесе ірі акционері (қатысушысы) дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің он және одан астам пайызына ие бола бастаған күні:

09 тамыз 2010 жыл.

9-тарау. Эмитенттің басқару органы және атқару органы туралы мәліметтер

20. Эмитенттің басқару органы туралы мәліметтер:

- 1) Эмитенттің директорлар кеңесінің немесе бақылау кеңесінің төрағасының және мүшелерінің (директорлар кеңесіндегі тәуелсіз директорды (директорларды) көрсете отырып) тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);
- 2) Эмитенттің директорлар кеңесі немесе бақылау кеңесі мүшелерінің хронологиялық тәртіппен соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақыттағы еңбек жолы туралы мәліметтер;
- 3) Эмитенттің директорлар кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі эмитенттің дауыс беруші акцияларының пайыздық арақатынасы немесе эмитенттің бақылау кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы;
- 4) Еншілес және тәуелді ұйымдарда эмитенттің директорлар кеңесінің немесе бақылау кеңесінің мүшелеріне тиесілі акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) осы ұйымдардың орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жалпы санына пайыздық арақатынасы

Эмитенттің басқару органы жоқ.

21. Эмитенттің алқалы органы немесе атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға:

- 1) Атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) немесе алқалы атқарушы орган басшысының және мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):

Ниязбекова Жанар Амангелдыевна Директор лауазымында Эмитенттің атқарушы органының функцияларын жеке-дара іске асырады;

- 2) Атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның немесе алқалы атқарушы орган мүшелерінің хронологиялық тәртіппен соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақыттағы еңбек жолы туралы мәліметтер:

2010 жылдың 09 тамызынан бастап Ниязбекова Жанар Амангелдыевна, ЖСН: 770705400325, Директор лауазымында Эмитенттің атқарушы органының функцияларын 2010 жылғы 09 тамыздағы Қатысушылардың Жалпы жиналысының №1-Хаттамасы негізінде жеке-дара іске асырады.

2016 жылы 25 шілдеде Ниязбекова Жанар Амангелдыевна, ЖСН: 770705400325, Эмитенттің Жалғыз Қатысушысы бола отырып, Директордың өкілеттілігін өзіне қалдырды.

12

Эмитенттің Жеке-дара атқарушы органының өкілеттігі:

- Эмитенттің жұмысына оның қызметінің бағдарламаларына сәйкес жедел басшылықты жүзеге асырады және Эмитенттің ағымдағы және перспективалық жоспарларының орындалуын қамтамасыз етеді;
 - Эмитент қызметкерлеріне қатысты оларды лауазымға тағайындау туралы, оларды ауыстыру және жұмыстан босату туралы бұйрықтар шығарады, еңбекақы төлеу жүйесін анықтайды, лауазымдық жалақылар мен дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, сыйақы беру мәселелерін шешеді, көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады;
 - бағдарламалар мен жоспарлардың жобаларын, сондай-ақ олардың орындалуы туралы есептерді бекітуге ұсынады;
 - Қатысушылардың Жалпы жиналысы шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді;
 - Эмитенттің ұйымдық құрылымын, штатын, еңбекақы төлеу қорын, бюджетін бекітеді;
 - Эмитенттің ішкі қызметінің жедел мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды және бұйрықтар шығарады;
 - Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тыс жерлерде де филиалдар құру және өкілдіктер ашу туралы шешім қабылдайды;
 - өз құзыреті шеңберінде мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Эмитент мүддесін білдіреді;
 - Эмитент мүдделерін білдіру құқығына сенімхаттарды, оның ішінде қайта сенім білдіру құқығымен сенімхаттарды береді;
 - Қатысушының айрықша құзыретіне жатқызылмаған өзге де өкілеттіктерді, сондай-ақ оған Эмитент Қатысушысы берген өкілеттіктерді жүзеге асырады;
- 3) Эмитенттің атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаға немесе эмитенттің алқалы атқарушы органының әрбір мүшесіне тиесілі дауыс беруші акциялардың немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы: 100%.

22. Егер эмитенттің атқарушы органының өкілеттіктері басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) берілген болса, онда мыналар көрсетіледі:

- 1) Басқарушы ұйымның толық және қысқаша атауы, оның орналасқан жері;
- 2) Басқарушы ұйымның атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) не басқарушы ұйымның алқалы атқарушы органы мүшелерінің және директорлар кеңесі (бақылау кеңесі) мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);
- 3) Осы тармақтың 2) тармақшасында аталған тұлғалардың сайланған күні және хронологиялық тәртіппен соңғы 2 (екі) жылдағы еңбек жолы туралы мәліметтер;
- 4) Осы тармақтың 2) тармақшасында аталған тұлғаларға тиесілі басқарушы ұйымның дауыс беруші акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) басқарушы ұйымның дауыс беруші акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жалпы санына пайыздық арақатынасы;
- 5) Осы тармақтың 2) тармақшасында аталған тұлғаларға тиесілі жарғылық капиталға қатысу үлестерінің эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы.

Эмитенттің атқарушы органының өкілеттілігі басқа коммерциялық ұйымға берілген жоқ.

10-тарау. Эмитент қызметінің негізгі түрлерін көрсете отырып, эмитенттің қаржы-экономикалық және шаруашылық қызметінің көрсеткіштері

23. Эмитент қызметінің түрлері:

1) Қызметтің негізгі түрі:

Қаржылық лизинг қызметтері;

2) Маусымдық сипатқа ие қызмет түрлерін және эмитенттің жалпы кірісіндегі олардың үлесін көрсете отырып эмитент қызметі түрлерінің қысқаша сипаттамасы:

Эмитент қызметінің негізгі түрі ауылшаруашылық, жол-құрылыс, жүк техникасы, автобустар мен өндірістік жабдықтар лизингі қызметтерін ұсыну болып табылады.

Лизингтік қызмет маусымдық сипатта болады. Эмитент қаңтардан қазан айына дейін лизинг қызметтерін белсенді түрде ұсынады және қараша мен желтоқсан айларында белсенді емес.

Эмитенттің жалпы кірісіндегі осы қызмет түрінің үлесі – 100%.

3) Эмитенттің бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер:

2018 жылдың ішінде жаңа бизнестің көлемі бойынша «ТехноЛизинг» ЖШС нарықтық үлесі 5,4% құрады.

Сонымен қатар компанияның негізгі бәсекелестері «БРК-Лизинг» ЖШС, «ҚазАгроҚаржы» АҚ, «Қазақстандық Иджара компаниясы» АҚ, «Аль Сакр Финанс» АҚ, «Лизинг Групп» АҚ және Т«Нұрбанк» АҚ ЕҰ» ЖШС, Лизинговая компания «Нұр Лизинг» лизинг компаниясы болып табылады.

4) Эмитент қызметінің негізгі түрлері бойынша сатулардың (жұмыстардың, қызметтердің) кірістілігіне оң және теріс ықпал ететін факторлар:

Эмитент қызметінің негізгі түрлері бойынша сатулардың (жұмыстарды, қызметтерді) кірістілігіне теріс әсер ететін факторлар:

- Ұлттық валюта бағамының ауытқулары. Ұлттық валюта бағамы құлдыраған кезде лизинг нысаналарының құны ұлғаяды және лизинг алушылардың техника үшін бастапқы жарнаны үлкен мөлшерде төлеуі керек және бұл өз кезегінде Эмитент көрсететін қызметтердің көлемдерінде теріс көрініс табады.
- Импортқа және негізгі құралдарға (самосвалдар, комбайндар, бүріккіштер) ҚҚС енгізу. Бұрын техника мен жабдықтардың кең тізбесіне импорт үшін ҚҚС төлеу бойынша жеңілдік болған, кейін бұл тізбе қысқартылып тасталды.
- Жол техникасына (самосвалдар, тартқыштар, автобустар) кәдеге жарату алымы мөлшерінің ұлғайтылуы, 2020 жылдан бастап моторлы ауыл шаруашылығы техникасына кәдеге жарату алымын енгізу ықтималдылығы.

Эмитент қызметінің негізгі түрлері бойынша сатулардың (жұмыстарды, қызметтерді) кірістілігіне оң әсер ететін факторлар:

- Ұлттық валютадағы ұзақмерзімді қаржыландырудың бар болуы;
- Сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау, сонымен қатар инвестициялық жұмсалымдар кезіндегі шығыстардың бір бөлігін субсидиялау бойынша мемлекеттік даму бағдарламаларының қолданыста болуы: лизинг алушылар олар бойынша кейін мемлекеттен субсидия ала алатын техниканы лизингке ынталана алады;

Мез

14

- Инфрақұрылымдық дамыту және жол құрылысы бойынша мемлекетік бағдарламалар (ИИДМБ және «Нұрлы жол»).
- 5) Эмитенттің лицензиялары (патенттері) және олардың қолданылу кезеңі, зерттеулер мен әзірлемелерге, оның ішінде эмитент демеушілік көрсететін зерттеу әзірлемелеріне кеткен шығындар туралы ақпарат:
Эмитент жүзеге асыратын Қызмет түрі (қаржы лизингі) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес лицензиялауға жатпайды.
- 6) Эмитентке жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттардағы (жұмыстардағы, қызметтердегі) импорттың үлесі және эмитент экспортқа сататын (көрсететін) өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) сатылатын өнімнің (көрсетілетін жұмыстардың, қызметтердің) жалпы көлеміндегі үлесі:
Өзінің негізгі қызметінің шеңберінде Эмитент қаржы лизингіне одан әрі беру мақсатында техника мен көлік құралдарын импорттайды.
Эмитентке 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап 2019 жылғы 30 маусым аралығында жеткізілген (көрсетілген) тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің жалпы көлеміндегі импорттың үлесі бухгалтерлік есеп деректеріне **70,34%** құрайды.

Контрагент	Валюта	Сумма
ВНК Agro AG	USD	1 721 700,00
EURASIA GROUP AG	USD	332 000,00
Techsystems Kft.	USD	192 000,00
USD-дағы жиыны	USD	2 245 700,00
СТ Agro GmbH	EUR	2 442 692,00
EURASIA GROUP AG	EUR	86 000,00
Turbo's Hoet Russia N.V.	EUR	130 000,00
LIET e.K.	EUR	135 700,00
Вольво Восток АҚ (Н)	EUR	74 000,00
EUR-дағы жиыны	EUR	2 868 392,00
СТ Агро ЖШС	KZT	118 660 000,00
МашОптТорг ЖК Осницкая И.В.	KZT	53 276,00
МашОптТорг ЖК Осницкая И.В.	KZT	1 042 767,00
АГРОТРАК ЖШС	KZT	58 420 000,00
АГРОТРАК ЖШС	KZT	101 600 000,00
АГРОТРАК ЖШС	KZT	45 420 000,00
КВЦ-АВТО ЖШС	KZT	12 540 000,00
МИНМЕТАЛС ҚАЗАҚСТАН ЖШС	KZT	78 246 000,00
Еуразия көлік-логистикалық компаниясы ЖШС	KZT	466 450,00
МИНМЕТАЛС ҚАЗАҚСТАН ЖШС	KZT	12 144 000,00
Еуразия көлік-логистикалық компаниясы ЖШС	KZT	238 058,00
АГРОТРАК ЖШС	KZT	64 036 000,00
АГРОТРАК ЖШС	KZT	24 600 000,00
Астана Агропартнер ЖШС	KZT	75 000 000,00
ВНК Agro AG ЖШС (ВНК Агро АГ)	KZT	103 950 686,00
Eurasian Machinery (Евразиан Машинери) ЖШС	KZT	64 880 820,00
Бірлік-Ынтымақ-2008 ЖШС	KZT	2 523 000,00
Eurasia Group Kazakhstan ЖШС	KZT	106 172 000,00
Оператор РОП ЖШС	KZT	1 388 750,00
Оператор РОП ЖШС	KZT	1 388 750,00
Казростсервис ЖШС	KZT	296 218,00
Объедков А.Н. ИП	KZT	1 300 530,00

Оператор РОП ЖШС		KZT	1 388 750,00
Астана Агропартнер ЖШС		KZT	8 000 000,00
TURKUAZ MACHINERY (ТУРКУАЗ МАШИНЕРИ) ЖШС		KZT	369 095,00
KZT-дағы жиыны		KZT	884 125 150,00
Жиыны		KZT	2 980 924 578,36
Валютадағы сомасы		30.06.2019 ж. ҚР ҰБ бағамы	Теңгедегі сомасы
2 245 700,00	USD	380,53	854 556 221,00
2 868 392,00	EURO	433,08	1 242 243 207,36
884 125 150,00	теңге		884 125 150,00
			2 980 924 578,36

Эмитент қаржылық лизинг қызметтерін тек Қазақстан Республикасының резиденттеріне ғана көрсетеді. Өткізілетін қызметтерде экспорт жоқ.

- 7) Оның қатысуымен өткен сот процестерінің мәнін көрсете отырып, эмитент қызметінің тоқтатылу немесе өзгеру, эмитенттің активтерінің жалпы көлемінен 10 (он) және одан артық пайыз мөлшерінде одан ақшалай және өзге міндеттемелерді өндіріп алу тәуекелімен байланысты сот процестеріне эмитенттің қатысуы туралы мәліметтер:

Берілген күнгі жағдай бойынша Эмитент оның қызметін тоқтату немесе өзгерту тәуекелімен, одан ақшалай және өзге де міндеттемелерді өндіріп алумен байланысты сот процестеріне қатыспаған.

- 8) Эмитенттің қызметіне ықпал ететін басқа тәуекел факторлары:

Осы Проспектінің 11-тарауының 34-тармағында ашылып көрсетілді.

24. Олармен тауар айналымының көлемі Эмитент өндіретін немесе тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жалпы құнының 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын Эмитент тауарларын (жұмыстарын, қызметтерін) тұтынушылар мен жеткізушілер туралы мәліметтер.

Эмитенттің оларға көрсетілетін лизинг қызметтерінің көлемі ол 01.01.2019 ж. - 30.06.2019 ж. аралығында көрсеткен қызметтердің жалпы құнының 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын тұтынушылары туралы мәліметтер:

№	Лизинг алушының атауы	Сомасы, мың теңге
1.	«Шу» ЖШС компаниялар тобы	670 273
2.	«Темірлан» ЖШС компаниялар тобы	333 353

Эмитенттің олармен тауар айналымының көлемі ол 01.01.2019 ж. - 30.06.2019ж. аралығында тұтынған тауарлардың жалпы құнының 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын тауар жеткізушілері туралы мәліметтер:

№	Жеткізушінің атауы	Сомасы, мың теңге*
1.	СТ Agro GmbH	660 029
2.	ВНК Agro AG	655 159
3.	«АГРОТРАК» ЖШС	294 076

* ҚР Ұлттық Банкінің 01.07.2019 ж. ресми бағамы бойынша USD/KZT 380.53.

Handwritten signature

25. Әрбір активтің тиісті баланстық құнын көрсете отырып, Эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын Эмитент активтері.

30.06.2019 ж. жағдай бойынша

Атауы	Баланстық құны, мың теңге
Ұзақмерзімді қаржылық инвестициялар	13 998 409
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	1 743 670

26. Эмитент активтерінің баланстық құнының 10 (он) және одан астам пайызы мөлшердегі дебиторлық берешек:

- 1) Эмитенттің алдындағы берешегі Эмитент активтерінің баланстық құнының 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын Эмитент дебиторларының атауы:

30.06.2019 ж. жағдай бойынша:

Лизинг алушы	Барлық ОД, мың теңге	Барлық %, мың теңге	Берешек жиыны, мың теңге
«Атамекен-Агро» АҚ компаниялар тобы	1 477 429	125 371	1 602 799

- 2) Тиісті өтелетін сомалар (жуырдағы 12 (он екі) ай ішінде тоқсан сайын бөлінеді, қалған сомалар өтеу күнін көрсетумен жылдар бойынша бөлумен көрсетіледі) және оларды өтеу мерзімдері:

«Атамекен-Агро» АҚ Компаниялар тобымен Қаржылық лизинг келісімшарттары бойынша өтемдер болжамы

Негізгі борыштың және сыйақының сомасы, мың теңге

3 тоқсан 2019	4 тоқсан 2019	1 тоқсан 2020	2 тоқсан 2020	2 жыл	3 жыл	4 жыл	Жиыны
33 004	985 808	4 139	0,00	333 601	174 788	103 701	1 635 041

27. Эмитент міндеттемелерінің баланстық құнының 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын Эмитенттің кредиторлық берешегі:

- 1) Эмитент кредиторларының атауы:

- 2) Тиісті өтелетін сомалар (жуырдағы 12 (он екі) ай ішінде тоқсан сайын бөлінеді, қалған сомалар өтеу күнін көрсетумен жылдар бойынша бөлумен көрсетіледі) және оларды өтеу мерзімдері.

Кезең	Тиісті өтелетін сомалар (жуырдағы 12 (он екі) ай ішінде тоқсан сайын бөлінеді, қалған сомалар өтеу күнін көрсетумен жылдар бойынша бөлумен көрсетіледі) және оларды өтеу мерзімдері (мың теңге)	Жиыны
	«Аграрлық несиелік корпорация» АҚ	«First Heartland Jysan Bank» АҚ

Handwritten signature

Handwritten mark

	Дата	Сумма к погашению (ОД и %)	Дата	Сумма к погашению (ОД и %)	
3 тоқсан 2019	-	1 593	-	689 711	691 304
4 тоқсан 2019	-	1 358 270	-	724 511	2 082 781
1 тоқсан 2020	-	-	-	1 858 895	1 858 895
2 тоқсан 2020	-	-	-	840 328	840 328
3-4 тоқсан 2020	21.12.2020г.	1 333 886	15.07.2020ж. 15.08.2020ж. 15.09.2020ж. 15.10.2020ж. 15.11.2020ж. 15.12.2020г.	1 540 717 соның ішінде 275 471 263 669 260 720 252 549 244 794 243 514	2 874 603
2021	04.01.2021ж. 08.01.2021ж. 11.01.2021ж. 19.03.2021ж. 02.04.2021ж. 05.04.2021ж. 23.04.2021ж. 28.04.2021ж. 30.04.2021ж. 18.05.2021ж. 01.06.2021ж. 21.06.2021ж. 27.07.2021ж. 20.08.2021ж. 20.12.2021ж.	1 224 402, соның ішінде 12 327 6 725 6 302 12 678 6 627 8 766 3 893 28 958 2 179 3 100 6 659 9 455 18 101 6 418 1 092 214	15.01.2021ж. 15.02.2021ж. 15.03.2021ж. 15.04.2021ж. 15.05.2021ж. 15.06.2021ж. 15.07.2021ж. 15.08.2021ж. 15.09.2021ж. 15.10.2021ж. 15.12.2021ж.	1 529 812 соның ішінде 237 481 220 350 218 148 220 116 211 628 205 227 206 529 1 205 1 310 6 632 1 186	2 754 214
2022	01.03.2022ж. 01.05.2022ж. 01.07.2022ж. 20.12.2022ж.	764 340, соның ішінде 51 995 12 476 7 392 692 477	15.01.2022ж. 15.02.2022ж. 15.03.2022ж. 15.04.2022ж. 15.07.2022ж. 15.09.2022ж. 15.10.2022ж.	54 753 соның ішінде 36 968 224 1 173 5 946 5 419 743 4 280	819 093
2023	06.01.2023ж. 20.12.2023ж.	412 141, соның ішінде 11 780 400 361	15.01.2023ж. 15.04.2023ж. 15.07.2023ж. 15.10.2023ж.	15 626 соның ішінде 4 275 3 742 3 784 3 825	427 767

18

2024	-	-	15.01.2024ж. 15.04.2024ж. 15.07.2024ж. 15.10.2024ж.	15 218 соның ішінде 3 825 3 784 3 784 3 825	15 218
2025	-	-	15.01.2025ж. 15.02.2025ж. 15.03.2025ж.	6 169 соның ішінде 3 826 327 2 016	6 169
Жиыны		5 094 632		7 275 740	12 370 372

28. Эмитент левереджінің шамасы:

Эмитенттің левередж шамасы соңғы әр аяқталған екі қаржы жылының соңғы күніндегі жағдай бойынша, сондай-ақ облигациялар шығарылымын немесе облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру алдындағы соңғы тоқсанның соңындағы жағдай бойынша не облигациялар шығарылымын немесе облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру алдындағы соңғы тоқсанның алдындағы тоқсанның қорытындылары бойынша эмитенттің қаржылық есептілігі проспектінің ажырамас бөлігі болса - облигациялар шығарылымын немесе облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру алдындағы соңғы тоқсанның алдындағы тоқсанның соңындағы жағдай бойынша көрсетіледі:

Эмитенттің қаржылық есептілігінің деректеріне сәйкес левередж шамасы:

- 2017ж. 31 желтоқсанында – 4,85;
- 2018ж. 31 желтоқсанында – 4,59;
- 2019 ж. 30 маусымында – 4,26.

29. Аудиторлық есеппен расталған оның қаржылық есептілігі негізінде есептелген соңғы аяқталған екі қаржы жылында эмитент қызметінен алынған ақша қаражатының таза ағыны.

Қаржылық есептің деректеріне сәйкес:

Кезең	Сомма, мың теңге
2017 жыл	(1,454,990)
2018 жыл	441,032

30. Облигациялардың осы шығарылымы туралы шешім қабылданған күнге дейін эмитенттің борыштық бағалы қағаздарының барлық тіркелген шығарылымдары туралы мәліметтер (өтелген және жойылған облигациялар шығарылымын қоспағанда):

Әрбір шығарылымның борыштық бағалы қағаздарының жалпы саны, борыштық бағалы қағаздардың әрбір шығарылымының мемлекеттік тіркелу нөмірі және мемлекеттік тіркелу күні, әрбір шығарылым бойынша орналастырылған борыштық бағалы қағаздардың саны, сондай-ақ борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі, борыштық бағалы қағаздардың әрбір шығарылымы бойынша есептелген және төленген сыйақының сомасы, оларды

Менес

19

сатып алу күнін көрсете отырып, сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны;

Орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және олардың орындалу мерзімінің өтіп кету мерзімі туралы ақпаратты қоса алғанда, эмитенттің бағалы қағаздар ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері туралы мәліметтер (облигациялар бойынша сыйақыны төлемеу (төлеуді кешіктіру), акциялар бойынша дивидендтер төлемеу (төлеуді кешіктіру), бағалы қағаздар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақылар сомасы (түрлері мен шығарылымдары бойынша жеке-жеке);

Егер қандай да бір бағалы қағаздар шығарылымының мемлекеттік емес бағалы қағаздарын орналастыру не айналысқа енгізу тоқтатылған (жалғастырылған) жағдайда, ондай шешімдер қабылдаған мемлекеттік орган, оларды қабылдау негіздемесі мен күні көрсетіледі;

Сауда-саттықты ұйымдастырушылардың атауларын қоса алғанда, эмитенттің бағалы қағаздары айналыста болатын нарықтар;

Бұдан бұрын шығарылған, айналыстағы облигациялардың әрбір түрімен оларды ұстаушыларға берілетін құқықтар, оның ішінде ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібін көрсете отырып, шектеулер (ковенанттар) бұзылған кезде іске асырылған және ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарында көзделген құқықтар.

Эмитент облигациялар шығарылымын бірінші рет жүзеге асырып отырғандықтан, мәліметтер жоқ.

11-тарау. Эмитент және оның орналастыратын эмиссиялық бағалы қағаздары туралы қосымша мәліметтер

31. Облигацияларды ұстаушыға ұсынылатын құқықтар:

1) Эмитенттен облигациялар шығарылымы проспектісінде көзделген мерзімде облигацияның номиналды құнын алу немесе өзге мүліктік баламасын алу құқығы, сондай-ақ облигациялардың номиналды құнының ол бойынша белгіленген пайызын немесе облигациялар шығарылымы проспектісінде белгіленген өзге де мүліктік құқықтарды алу құқығы:

- Облигациялардың номиналды құнын осы Проспектімен қарастырылған тәртіпте және мерзімдерде алу құқығы;
- Белгіленген сыйақыны осы Проспектімен қарастырылған тәртіпте және мерзімдерде алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларда және тәртіпте өз талаптарының қанағаттандырылуы құқығы;
- Осы Проспектімен белгіленген жағдайларда облигациялардың барлығын немесе бір бөлігін сатып алуды мәлімдеу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сонымен қатар Эмитенттің ішкі қағидаларымен және Қор биржасының талаптарымен қарастырылған тәртіпте Эмитенттің қызметі және оның қаржылық ахуалы туралы ақпарат алу құқығы;
- Облигацияларды еркін иеліктен шығару немесе оларға өзгеше билік ету құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларда және тәртіпте облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар;

2) Эмитенттің облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы, осы құқықты іске асырудың, соның ішінде облигациялар шығарылымының проспектісінде

көзделген ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде іске асырудың шарттарын, тәртібін және мерзімдерін көрсетумен:

- Орналастырылған облигацияларды сатып алуды Эмитент Бағалы қағаздар туралы заңның 15-бабының 2-т. көзделген шарттар бұзылған жағдайда осы сатып алу күніндегі облигациялардың номиналдық құнына сәйкес келетін, жинақталған және/немесе есептелген сыйақы ескерілген бағамен жүргізеді;
- Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 18-4.б. 2-т. көзделген жағдайларда, орналастырылған облигацияларды Эмитент облигациялардың осы сатып алу күніндегі номиналдық құнына сәйкес келетін, жинақталған және/немесе есептелген сыйақы ескерілген бағамен немесе облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша, шамалардың қайсысы ең үлкен болып табылатындығына байланысты, сатып алуға міндетті;
- Эмитент облигациялар шығарылымының проспектісінде көзделген ковенанттарды (шектеулерді) бұзған жағдайда орналастырылған облигацияларды сатып алу осы Проспектінің 12-тармағында сипатталған;
- Ол/-лар орын алған жағдайда осы Проспектінің 32-тармағында көрсетілген дефолт жариялануы мүмкін оқиға/-лар жағдайында, орналастырылған облигацияларды Эмитент осы сатып алу күніндегі облигациялардың номиналдық құнына сәйкес келетін, жинақталған және/немесе есептелген сыйақы ескерілген бағамен немесе облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша, шамалардың қайсысы ең үлкен болып табылатындығына байланысты, сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.

Қазақстан Республикасының заңнамасымен және/немесе Қор биржасының ішкі құжаттарымен көзделген мерзімдердің ішінде, ал мұндай мерзім Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Қор биржасының ішкі құжаттарында жоқ болған жағдайда – осы тармақта көрсетілген оқиғалардың бірі туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитент осындай факт туралы облигацияларды ұстаушыларға Эмитенттің ресми сайтында (<https://tnl.kz>), Қор биржасының ресми сайтында (www.kase.kz), Қаржылық есептілік депозитарийінің сайтында хабарлама орналастыру арқылы, төмендегі ақпаратты қоса, хабарлайды:

- 1) Эмитент облигацияларын сатып алуға әкелетін көрсетілген оқиғалардың қайсысы орын алғандығы туралы ақпарат;
- 2) Облигация ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал әрекеттерін, Эмитентке талаппен өтініш жасау тәртібі мен мерзімдерін қоса, тізу;
- 3) Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпарат.

Облигацияларды ұстаушылардың кез келгені осы тармақта көрсетілген оқиғалардың бірінің туындағандығы туралы Эмитент хабарлаған күннен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде Эмитентке тиісті талапты ұсыну арқылы өзіне тиесілі облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы.

3) Өзге құқықтар:

Жоқ.

32. Туындаған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәлімет:

1) Туындаған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі:

- Дефолт – эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге қаржы құралдары бойынша міндеттемелердің орындалмауы;

Handwritten signature

Handwritten number 21

- Орын алған жағдайында Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиға болып (бұдан әрі – «Дефолт оқиғасы») облигациялар бойынша негізгі борыштың және (немесе) купондық сыйақының сомаларын осы проспектімен негізгі борышты және (немесе) купондық сыйақыны төлеу үшін белгіленген мерзімдерде төлеу бойынша Эмитент міндеттемелерінің жартылай немесе толық орындалмауы табылады;
 - Эмитенттің сыйақыны және/немесе облигациялардың номиналдық құнын осы Проспектіде көрсетілген мерзімдерде төлемеуі немесе толық төлемеуі облигациялар бойынша дефолт болып табылмайды, егер мұндай төлемеу және /немесе толық төлемеу облигацияларды ұстаушылардың банк шоттарының Эмитенттің сыйақыны және/немесе облигациялардың номиналдық құнын төлеуді жүзеге асыруын мүмкін емес ететін дұрыс емес немесе толық емес деректемелерін алуының немесе Тіркеушінің Эмитентке облигацияларды ұстаушылардың тізілімін заңнамамен және онымен жасасқан шартпен белгіленген мерзімдерде бермеуінің салдары болса;
 - Эмитент осы Проспект бойынша өз міндеттемелерінің жартылай немесе толық орындалмауы үшін жауапкершіліктен босатылады, егер бұл орындамау еңсерілмейтін күш жағдайларының салдары болып табылса;
 - Еңсерілмейтін күш жағдайлары деп орын алуын алдын ала болжау немесе болдыртпау мүмкін болмаған жағдайлар түсініледі (дүлей апат, әскери іс-қимыл, уәкілетті органдардың тыйым салу немесе шектеу сипатындағы актілері және т.б.);
 - Еңсерілмейтін күш оқиғалары туындаған жағдайда Эмитенттің осы Проспект бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар мен олардың салдары әрекет ететін уақыт кезеңіне сәйкестендіріліп жылжытылады;
 - Купондық сыйақы және/немесе негізгі борыш осы Проспектіде көрсетілген тәртіпте және мерзімдерде Эмитенттің кінәсі бойынша төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда, Эмитент облигацияларды ұстаушыларға әрбір кешіктірілген күн үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күніндегі (яғни, төлем жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі келесі күнгі) ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесінен шыға отырып есептелетін өсімпұл төлейді;
- 2) **Облигацияларды ұстаушылардың сыйақы төлемі бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған кезде құқықтарын қорғау рәсімін, оның ішінде міндеттеме тәртібі және қайта құрылымдау талаптарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитент қабылдайтын шаралар:**
- Облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау үшін және дефолтты туындатқан себептерді жою үшін Эмитент барлық мүмкін және қажетті шараларды қолданатын болады. Эмитент дефолттан шығудың қолайлы жолдарын анықтау мақсатында облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізуге бастамашылық етеді, сонымен қатар облигацияларды ұстаушылардың алдарындағы өз міндеттемелерін орындау бойынша іс-шаралар жоспарын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті көлемдері мен атқарылу мерзімдерін көрсетіп әзірлейді;
- 3) **Эмитенттің орындалмаған міндеттемелердің көлемі, орындалмаған міндеттемелердің себебі, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі мүмкін болатын іс-әрекеттері, облигацияларды ұстаушылардың эмитентке, эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің**

міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғаларға талап қою өтінішінің тәртібі туралы мәліметтерден тұратын дефолт фактісі туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушыларға жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілі:

Облигациялар бойынша Дефолт оқиғасы орын алған жағдайда Эмитент осындай Дефолт оқиғасын туындатқан себептерді жою үшін және облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін бар күшін салады.

Дефолт оқиғасы орын алған жағдайда Эмитент тиісті оқиға орын алған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұл ақпаратты өзінің ресми сайтында (<https://tnl.kz>), Қор биржасының ресми интернет-ресурсында (www.kase.kz) Қор биржасының қағидаларымен белгіленген тәртіпте және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында (www.dfo.kz) Қазақстан Республкасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте тиісті ақпараттық хабарлама орналастыру арқылы облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізеді. Эмитенттің ақпараттық хабарламасында мына мәліметтер болуы тиіс:

- Дефолт оқиғасын туындатқан себептердің толық сипатталуы;
- Орындалмаған міндеттемелердің көлемі туралы мәліметтер;
- Облигацияларды ұстаушылардың Эмитентке талаппен өтініш жасауының тәртібі мен мерзімдерін қоса, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал әрекеттерін тізу;
- Дефолт оқиғасының орын алуын туындатқан себептерді жою үшін Эмитент қабылдаған немесе қабылдайтын шаралар;
- Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысы өткізілетін күн;
- Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпарат;
- Көрсетілген ақпаратты ашып көрсетуді өзге заңды тұлғаға табыстау қарастырылмаған.

- 4) Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғалармен шарт жасалған күні мен нөмірі, тұлғаның толық атауы және заңды тұлғаның (ондай тұлғалар бар болса) мемлекеттік тіркеуден өткен күні мен нөмірі:

Қолдануға келмейді.

33. Эмитенттің облигацияларды өтеу сәтіне дейінгі әрбір сыйақы төлеу кезеңінің бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті ақшалай қаражаты көздерінің және ағындарының болжамы.

Эмитенттің ақшалай қаражатының көздері мен ағындарының болжамы осы Проспектіге №1 қосымшада берілген.

34. Эмитенттің орналастырылатын облигацияларды сатып алуына байланысты тәуекелдер:

Эмитенттің тәуекелдерді басқару жүйесі тәуекелдерді бағалау, басқару, мониторингтеу және бақылау процесі және корпоративтік басқарудың ажырамас бөлігі болып табылады, лизинг қызметінің негізінде жатыр, операциялық қызметтің елеулі элементі болып табылады. Тәуекелдерді басқару жүйесінің мақсаты оларды жоспарланған пайдалылық деңгейінде барынша азайту, Эмитент үшін қолайлы тәуекел деңгейлерін қамтамасыз ету, Эмитентке ықтималдық сипаттағы сыртқы және ішкі факторлардың әсер етуімен байланысты болуы мүмкін тәуекелдерді шектеу болып табылады.

- 1) *Салалық тәуекелдер - эмитенттің саласындағы оның қызметіне бағалы қағаздар бойынша нашарлауы мүмкін жағдайының әсері және міндеттемелерін орындауы сипатталады. Эмитенттің пікірі бойынша, салада болуы мүмкін аса маңызды (ішкі және сыртқы нарықта бөлек жеке) өзгерістер, сондай-ақ эмитенттің бұл жағдайда болжалды әрекеттері келтіріледі.*

Эмитенттің өз қызметінде қолданатын шикізатқа, қызметтерге бағаның өзгеру (ішкі және сыртқы нарықта бөлек жеке) ықтималдығына байланысты тәуекелдер және олардың эмитент қызметі мен бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерін орындауына әсері бөлек сипатталады.

Эмитенттің өніміне және (немесе) қызметтеріне бағаның өзгеру (ішкі және сыртқы нарықта бөлек жеке) ықтималдығына байланысты тәуекелдер және олардың эмитент қызметі мен бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерін орындауына әсері бөлек сипатталады.

Салалық тәуекелдер

Лизинг қызметтерінің нарығы экономикалық объектілердің негізгі капиталға жұмсалымдарды жүзеге асыру, өндірісті жаңғырту және кеңейту қажеттіліктері мен мүмкіндіктерінің бар-жоқтығына елеулі дәрежеде тәуелді болады. Қазақстан экономикасының өсу қарқыны баяулаған немесе мемлекеттік субсидиялау бағдарламалары жабылған жағдайда, лизинг нарығы да өз кезегінде түзетулерге ұшырауы мүмкін.

Қазақстанның лизинг нарығы оның айтарлықтай бөлігін алатын және лизинг қызметтерін ірі кәсіпорындармен қатар ШОБ субъектілеріне де ұсынатын екі ірі ойыншының бар болуымен сипатталады. Эмитент өз қызметінде ірі жобаларға қатысуды қарастырмайды, экономиканың анағұрлым көп санды секторы – шағын және орта бизнеске бағытталған және басқа екі ойыншының бар болуы нарыққа қатысу мөлшерлерін шектейді. Лизинг – Эмитент қызметінің негізгі түрі болғандықтан, лизинг нарығына тән салалық тәуекелдер Эмитенттің қаржылық ахуалына елеулі ықпалын тигізеді.

- 2) *Қаржы тәуекелдері - эмитенттің қаржылық жағдайының пайыздық мөлшерлемелердің қолайсыз өзгеруіне, шетел валюталарының айырбас бағамына, сондай-ақ бағалы қағаздар мен туынды қаржы құралдарының нарықтық базасына байланысты тәуекелдерге ұшырауын сипаттайды.*

Эмитенттің қаржылық активтердің және эмитенттің қаржылық міндеттемелерінің теңгерімсіздігінен туындайтын міндеттемелерін толық көлемде орындалуын қамтамасыз ете алмауы (соның ішінде эмитенттің бір немесе бірнеше контрагенттерінің қаржылық міндеттемелерін уақтылы орындамауы салдарынан) және (немесе) эмитенттің қаржы міндеттемелерін дереу және бір реттік орындауына болжанбаған қажеттіліктің туындауы салдарынан болған эмитенттің шығындарымен байланысты тәуекелдер бөлек сипатталады.

Эмитенттің қаржылық есептілігі көрсеткіштерінің қайсысы қаржылық тәуекелдердің ықпалы, олардың пайда болуы ықтималдығы және есептіліктегі өзгерістердің сипаты нәтижесінде өзгеріске аса шалдыққыш екені көрсетіледі:

Пайда болу сипатына сәйкес қаржылық тәуекелдер келесідей бөлінеді:

- 1) Кредиттік тәуекел,
- 2) Өтімділікті жоғалту тәуекелі,
- 3) Валюталық тәуекел,
- 4) Пайыздық тәуекел,
- 5) Баға тәуекелі.

24

Кредиттік тәуекел

Эмитент лизинг мәмілелерін жасасу нәтижесінде туындайтын кредиттік тәуекелге ұшырауға бейім. Оны барынша азайту мақсаттарында лизинг алушының кредиттік тәуекелге ұшырауға бейімділігін жоба өмірінің барлық сатыларында бағалауға мүмкіндік беретін процедуралар әзірленген және қолданылады. Бұл процедураларға кредиттік тарихты тексеру, қаржылық ахуалды талдау, кассалық алшақтықты айқындау үшін ақша ағындарын болжау, іскерлік беделді тексеру жатады. Эмитент кредиттік тәуекелдердің тиімді басқарылуын жүзеге асыруға қабілетсіз болған жағдайда бұл факт Эмитенттің бизнесіне, қаржылық ахуалына және қызметінің нәтижелеріне елеулі әсер етуі мүмкін.

Өтімділікті жоғалту тәуекелі

Ақша ағындарының түсімі мен жылыстауының үйлесімсіздігі, сонымен қатар лизинг алушылардың өз міндеттемелерін активтерді сатумен орнын толтыруға болмайтын орындамауы Эмитенттің өтімділікті жоғалту тәуекеліне ұшырауға бейімділігін ұлғайтады. Өтімділіктің жеткіліктілігін қолдау мақсаттарында лизинг шарттарының шарттары міндетті түрде өтеу мерзімдерінің міндеттемелерді орындау мерзімдеріне сәйкестігі тұрғысынан тексеріледі, лизинг төлемдерінің түсімдеріне күнделікті мониторинг жүргізіледі. Қолданыстағы лизинг қоржыны бойынша жоспарланған түсімдер барлық міндеттемелерді мерзімінде толығымен орындауға мүмкіндік береді.

Эмитент өтімділікті жоғалту тәуекелінің қаржылық ахуалға ықпалын орташа деп бағалайды.

Валюталық тәуекел

Лизинг жобаларының шегінде импортталатын лизинг нысаналарының айтарлықтай бөлігі резидент еместерден шетелдік валютаға сатылып алынады. Теңге бағамының шетелдік валюталарға қатысты елеулі түрде әлсіреуі Эмитент қызметтерін пайдалануға және жалпы алғанда лизинг нарығындағы сатып алушылық қабілетке келеңсіз әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар шетелдік валютадағы ақша қаражаты тартылған жағдайда, Эмитент валюталық тәуекелге ұшырауға бейім. Бұл тәуекел лизинг шарттарында лизинг төлемдерін шетелдік валюта бағамына индексациялауды қолданумен хеджирленеді. Соңғы жылдары байқалатын теңе бағамының айтарлықтай ауытқулары және жоғары девальвациялық күтулер Эмитенттің клиенттері индексациясыз теңгедегі шарттарға артықшылық беретіндігіне әкелді. Эмитенттің шетелдік валютадағы ағымдағы міндеттемелері елеусіз үлесті алады, шетелдік валютадағы соңғы қарыз 2016 жылы және 2020 жылы тартылған. Эмитент шетелдік валюталардағы міндеттемелерді толығымен өтеуді жоспарлап отыр. Валюталық тәуекел елеусіз ретінде бағаланады.

Пайыздық тәуекел

Эмитенттің пайдасы мен операциялық ақша ағындары көп жағдайда лизинг шарттары бойынша пайыздық мөлшерлемелерге, сонымен қатар қарыздық қаражаттарды тартудың құнына ықпал ететін нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгерістеріне тәуелді. Қарыз алу нарығында пайыздық мөлшерлемелердің жоғарылауы Эмитенттің даму перспективаларында теріс көрініс табуы мүмкін. Мөлшерлемесі құбылмалы ақша қаражаты тартылған жағдайда, Эмитенттің саясатына сәйкес, лизинг шарты ұқсас құбылмалы құрамдаспен жасасылатын болады. Қазіргі уақытта Эмитенттің құбылмалы мөлшерлемелі тартылған немесе орналастырылған қаражаты жоқ, пайыздық тәуекелдің ықпалы елеусіз деп бағаланады.

Баға тәуекелі

Баға тәуекелі деп қаржы құралдары портфелі құнының өзгеруі салдарынан шығындардың туындау тәуекелі түсініледі. Залал тәуекелі қаржы құралдарының құнына әсер ететін қаржы нарықтарының шарттары өзгерген жағдайда туындайды. Осы тәуекелді эмитент болмашы деп бағалайды, өйткені ағымдағы сәтте бағалы қағаздар портфелі немесе басқа қаржы құралдары жоқ және бұрын болмаған.

3) Құқықтық тәуекел - Эмитенттің:

Қазақстан Республикасының валюталық, салықтық, кедендік заңнамасының өзгеруі:

Эмитенттің негізгі қызметін лицензиялау бойынша талаптардың өзгеруі;

Эмитенттің Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптарын және жасасылған шарттардың шарттарын орындамауы;

Қызметті жүзеге асыру кезінде жіберілген құқықтық қателіктер (дұрыс емес заң консультациясын алу немесе құжаттарды дұрыс жасамау, соның ішінде сот органдарындағы даулы мәселелерді қарастыру кезінде) салдарынан шығынға ұшырау тәуекелін сипаттайды;

Құқықтық тәуекел

Эмитенттің Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарын бұзуы немесе Эмитенттің іс-тәжірибесінің оның ішкі құжаттарына, ал Қазақстан Республикасының резиденттері еместерге қатысты – басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкессіздігі құқықтық тәуекелдің жоғарылауына әкеледі, бұл шығыстардың (залалдардың) туындауына әкелуі және Эмитенттің қаржылық ахуалында және қызметінің нәтижелерінде теріс көрініс табуы мүмкін. Өз қызметінде Эмитент қызметін Қазақстан Республикасының, басқа мемлекеттердің заңнамасына, ішкі құжаттарға толық сәйкестікте жүзеге асыру үшін барлық шараларды қабылдайды және бұл тәуекелді орташа деп бағалайды.

4) Искерлік беделінен айырылу тәуекелі (беделдік тәуекел) - эмитенттің қаржылық тұрақтылығы, қаржылық жағдайы, оның өнім (жұмыс, қызмет) сапасы немесе жалпы қызмет сипаты туралы теріс ұғым қалыптасу салдарынан эмитент клиентінің (контрагенттері) санының азаюы нәтижесінде залал шегу тәуекелінің туындауы мүмкін екені суреттеледі:

Беделдік тәуекел

Эмитент БАҚ-та немесе басқа ақпарат көздерінде келеңсіз айғақтау негізіндегі елеулі бедел залалы тәуекеліне ұшырауға бейім. Эмитент бизнес жүргізудің жоғары этикалық нормаларын табанды ұстану бейілділігін танытады. Алайда Эмитенттің немесе жалпы саланың корпоративтік тәртібін дұрыс емес немесе орынсыз залалды қабылдау Эмитенттің бизнесіне, қаржылық ахуалына, қызметінің нәтижелеріне және даму перспективаларына елеулі түрде теріс ықпал етуі мүмкін.

5) Стратегиялық тәуекел - эмитенттің қызмет және даму стратегиясын (стратегиялық басқаруын) анықтайтын шешімдерді қабылдау кезінде жіберілген қателік (кемшілік) нәтижесінде туындауы мүмкін және эмитенттің қызметіне қауіп төндіруі мүмкін ықтимал кәтерді есепке алмағанында немесе тиісті түрде есепке алмағанында білінетін, эмитент бәсекелестерінің алдында басымдыққа ие болуы мүмкін қызметінің келешегі бар бағыттарын дұрыс емес немесе толық негіздемесіз белгіленгенін, эмитент қызметінің стратегиялық мақсатына қолжеткізуді қамтамасыз етуі тиіс қажетті ресурстардың (қаржылық,

материалды-техникалық, адами) және ұйымдастыру шараларының жоқтығын немесе толық көлемде қамсыздандырылмағанын көрсететін тәуекел;

Экономикалық тәуекел

Экономикалық жағдайлардың өзгеруі нарыққа күшті ықпал етуі мүмкін. Өңірлік немесе әлемдік экономикалық құлдыраудың кез келген кезеңі Эмитент қызметтеріне сұраныстың төмендеуіне және ықтимал клиенттер базасының қысқаруына әкелуі мүмкін. Тұтынушылардың іс жүзіндегі сатып алушылық қабілетінің төмендеуі Эмитенттің нарықтың өсу импульсін және оның үлесін жоғалтуына әкелуі мүмкін және, сонымен, Эмитенттің бизнесіне, қаржылық ахуалына және қызметінің нәтижелеріне елеулі түрде қолайсыз ықпал етуі мүмкін.

б) Эмитенттің қызметіне байланысты тәуекел - тек эмитентке тән немесе қоғамның жүргізетін негізгі қаржы-шаруашылық қызметіне байланысты тәуекелдер, соның ішінде мынаған байланысты тәуекелдер сипатталады:

Эмитенттің белгілі бір қызмет түрін жүргізуге немесе айналыста болуы шектелген объектілерді (соның ішінде табиғи ресурстарды) пайдалануға лицензияның қолданыс мерзімін ұзарту мүмкіндігінің жоқтығымен байланысты тәуекелдер:

Эмитент қызметінің негізгі түрі лицензиялауды талап етпейді. Бұл ретте келешекте мұндай тәуекелдердің туындау ықтималдылығы барынша аз, өйткені қазақстандық заңнама лицензиялауды талап ететін қызмет түрлерін азайту және шектеу жолымен келе жатыр. Эмитент қызметінің негізгі түрін лицензиялау бойынша өзгерістер болған және/немесе талаптар қойылған жағдайда, Эмитент тиісті лицензиялар мен рұқсаттарды алу үшін барлық қажетті шараларды қабылдайтын болады. Эмитентке айналыста болуы шектелген объектілерді (соның ішінде табиғи ресурстарды) пайдалану құқықтарын лицензиялау бойынша талаптардың өзгерістерімен байланысты тәуекелдер, оның мұндай құқықтары жоқ болғандықтан, тән емес.

Эмитенттің үшінші тараптардың борыштары бойынша ықтимал жауапкершілігімен байланысты тәуекелдер:

Осы Проспектіні бекіту күніне Эмитент үшінші тұлғалардың борыштары бойынша жауапкершілік көтермейді. Эмитенттің пікірінше, жауапкершілік туындау мүмкіндігі барынша аз, өйткені Эмитенттің еншілес компаниялары жоқ және Эмитент оларды таяудағы келешекте құруды жоспарламайды, өзіне үшінші тараптардың борыштары бойынша міндеттемелер қабылдауды жоспарламайды. Бұл тәуекелдерді барынша аз деп санаймыз.

Эмитенттің үшінші тұлғалардың, соның ішінде эмитенттің еншілес қоғамдарының борыштары бойынша болуы мүмкін жауапкершіліктері; айналымына Эмитент өнімін (жұмысын, қызметін) сатудан түскен жалпы түсімінен кем дегенде 10 (он) пайызы келетін тұтынушыдан айырылу ықтималдығы;

Эмитенттің лизингтік қоржынына лизинг қызметтерін көрсетуден алынған жалпы түсімнің кемінде 10%-ы үлесіне келетін тек бір ғана лизинг алушы кіреді. Осы Проспектіні құрастыру күніне бұл лизинг алушының үлесі жалпы түсімнің 11,7%-ын құрайды. Осы кірістердің ықтимал төмендеуі немесе оны жоғалту Эмитентке айтарлықтай ықпал етпейді, өйткені Эмитенттің меншікті капиталының 10%-ынан кем соманы құрайды. Өнімдерді (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан алынған жалпы түсімнің кемінде 10 пайызы олармен айналысқа келетін тұтынушыларды жоғалту мүмкіндігімен байланысты тәуекелдерді Эмитенттің басқару органдары орташа ретінде бағалайды.

М.С.С.

27

7) Елдік тәуекел - экономикалық, саяси, әлеуметтік өзгерістерге байланысты шетелдік контрагенттердің (заңды тұлғалардың, жеке тұлғалардың) міндеттемелерін орындамау салдарынан, сондай-ақ ақшалай міндеттеменің валютасы контрагент үшін өз резидент елінің заңнамасының ерекшеліктеріне байланысты қол жетімді болмауы салдарынан (контрагенттің өзінің қаржылық жағдайына қарамастан) эмитенттің шығынға ұшырау қаупін сипаттайды.

Елдік тәуекел

Эмитент өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырады, мұнда қызметті тұтынушылардың абсолютті көпшілігі шоғырланған, бұл елдік тәуекелдің жоғары дәрежесіне ие. Басқаша айтқанда, Қазақстанның жалпы экономикалық ахуалындағы елеулі құлдырау Эмитенттің клиенттеріне елеулі теріс ықпал етуі мүмкін. Клиенттік базаның елдік және өңірлік әртараптандырылуының жоқтығы Эмитенттің бизнесіне, қаржылық ахуалына, қызметінің нәтижелеріне және даму перспективаларына елеулі түрде теріс әсерге әкелуі мүмкін. Бұл тәуекел елеулі ретінде бағаланады.

8) Операциялық тәуекел - эмитенттің қызметкерлері жасаған ішкі процестерді жүзеге асырудағы кемшіліктер немесе қателер, ақпараттық жүйелер мен технологиялардың дұрыс жұмыс істемеуі, сондай-ақ сыртқы оқиғалар салдарынан болатын шығыстар (шығындар) тәуекелін сипаттайды.

Операциялық тәуекел

Берілген саясат бойынша, тәуекелдерді басқаруға қабілетсіздік Эмитенттің бизнесіне, қаржылық ахуалына және қызметінің нәтижелеріне елеулі түрде қолайсыз әсер етуі мүмкін. Өз қызметінде Эмитент жүргізілетін операциялардың барлық бизнес-процестердің регламенті сипатталған ішкі құжаттарға толық сәйкестігі қағидатын қатаң ұстанады. Бизнес-процестердің әртүрлі кезеңдеріндегі, Эмитенттің бір-біріне тәуелсіз бөлімшелері жүзеге асыратын бақылау процедуралары әзірленген және қолданылады. Бұл тәуекел елеусіз ретінде бағаланады.

35. Эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржы топтары, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат:

1) Эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдер, Эмитенттің бұл ұйымдардағы рөлі (орны), функциялары және қатысу мерзімі атап көрсетіледі:

Эмитент Қазақстан Республикасының "Атамекен" Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының және Қазақстан салық төлеушілер қауымдастығының мүшесі болып табылады;

2) Егер Эмитенттің қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижесі өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтардың, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдердің өзге мүшелеріне елеулі түрде тәуелді болса, мұндай тәуелділіктің сипаты толық баяндалады.

Эмитенттің қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтардың, холдингтердің, концерндердің, қауымдастықтардың, консорциумдардың өзге мүшелеріне тәуелді емес.

36. Эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғалары болған жағдайда, осындай әр заңды тұлға бойынша мынадай ақпарат көрсетіледі:

- 1) Толық және қысқартылған атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі (егер бар болса), орналасқан жері;
- 2) Заңды тұлғаны эмитентке қатысты еншілес және (немесе) тәуелді деп тану негіздері;
- 3) Егер еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлға акционерлік қоғам болған жағдайда, эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің көлемі - сондай акционерлік қоғамның эмитентке тиесілі дауыс беруші акцияларының үлесі.

Эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғалары жоқ.

37. Эмитент жарғылық капиталының он және одан көп пайызына иелік ететін ұйымдар туралы мәліметтер (осы проспектінің 35-тармағында көрсетілген заңды тұлғаларды қоспағанда), әрбір сондай ұйымды көрсете отырып:

толық және қысқартылған атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі (егер бар болса), орналасқан жері;

эмитенттің жарғылық капиталындағы үлесі, ал сондай ұйым акционерлік қоғам болған жағдайда - сондай акционерлік қоғамның эмитентке тиесілі дауыс беруші акцияларының үлесі.

Эмитент қандай да бір ұйымдардың акционері немесе қатысушысы болып табылмайды.

38. Эмитенттің кредиттік рейтингтері туралы мәліметтер:

1) Эмитентке және (немесе) Эмитенттің бағалы қағаздарына кредиттік рейтинг (рейтингтер) берілген жағдайда Эмитентке белгілі әрбір кредиттік рейтингтер бойынша соңғы аяқталған үш есепті жыл үшін, ал егер Эмитент өз қызметін кемінде 3 (үш) жыл жүзеге асырған болса - әрбір аяқталған есепті жыл үшін:

кредиттік рейтингті беру объектісі (Эмитент, Эмитенттің бағалы қағаздары);

уәкілетті органға облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) тіркеуге құжаттарды берген күннің алдындағы күндегі кредиттік рейтингтің мәні;

уәкілетті органға облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) тіркеуге құжаттарды берген күннің алдындағы соңғы аяқталған үш есепті 3 (жыл) үшін, ал егер Эмитент өз қызметін кемінде 3 (үш) жыл жүзеге асырған болса, кредиттік рейтингтің мәнін және кредиттік рейтингтің мәні берілген (өзгерген) күнін көрсете отырып, уәкілетті органға облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) тіркеуге құжаттарды берген күннің алдындағы әрбір аяқталған есепті жыл үшін кредиттік рейтинг мәндерінің өзгеру тарихы;

кредиттік рейтинг берген ұйымның толық және қысқартылған атауы, орналасқан жері;

Эмитент өзінің қалауы бойынша көрсететін кредиттік рейтинг туралы өзге де мәліметтер көрсетіледі:

2018 жылғы 29 қазанда Fitch Ratings рейтингтік агентірі (Fitch Ratings Limited, 30 North Colonnade, London E14 5GN, тел. +44 20 3530 1788) Эмитентке бірінші рет «B-» (болжам «тұрақты») рейтингін берді.

Рейтингтік әрекеттер төменде келтірілген:

- Ұзақмерзімді ЭДР «B-» деңгейінде берілді (болжам «Тұрақты»)

29

- Қысқамерзімді ЭДР «В» деңгейінде берілді
- Ұлттық валютадағы ұзақмерзімді ЭДР «В-» деңгейінде берілді (болжам «Тұрақты»)
- Ұлттық рейтинг «В+(kaz)» деңгейінде берілді (болжам «Тұрақты»).

2) Эмитенттің бағалы қағаздары кредиттік рейтинг берілген объект болған жағдайда халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) және ол берілген күн, сондай-ақ кредиттік рейтинг берген рейтингтік агенттіктің атауы қосымша көрсетіледі:

Эмитенттің бағалы қағаздарына кредиттік рейтинг берілмеген.

39. Эмитенттің облигацияларын ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):

- 1) облигацияларды ұстаушылар өкілінің толық және қысқартылған атауы;
- 2) облигацияларды ұстаушылар өкілінің орналасқан жері, байланыс телефондары;
- 3) Эмитенттің облигациялар ұстаушылардың өкілімен жасасқан шарттың күні мен нөмірі.

Облигацияларды ұстаушылардың өкілі қарастырылмаған.

40. Эмитенттің төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса):

- 1) Төлем агентінің толық атауы;
- 2) Төлем агентінің және оның бағалы қағаздар бойынша кірістерді (облигациялардың номиналды құнын) төлейтін барлық филиалдарының орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері, деректері;
- 3) Эмитенттің төлем агентімен жасасқан шарттың күні мен нөмірі:

Сыйақы төлеуді және облигацияларды өтеуді Эмитент өз бетінше төлем агентінің қызметтерін пайдаланусыз жүзеге асырады.

41. Эмитенттің консультанттары туралы мәліметтер (Бағалы қағаздар туралы заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету жөнінде шарт жасасу міндеті белгіленген жағдайда):

1) Эмитенттің акцияларын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы:

Эмитенттің облигациялар шығарылымы бойынша консультанты және андеррайтері «Фридом Финанс» акционерлік қоғамы болып табылады. «Фридом Финанс» акционерлік қоғамының бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген 2018 жылғы 2 қазандағы № 3.2.238/15 лицензиясы бар;

2) Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері:

Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Esentai Tower» БО, 3-ші және 7-ші қабаттар; тел. +7 (727) 311 10 64;

- 3) Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғамен эмитенттің жасасқан шартының күні мен нөмірі:

Қаржылық және консультациялық қызметтерді, соның ішінде андеррайтинг қызметтерін көрсету туралы 2019 жылғы 9 шілдедегі №20190709 шарт.

Егер, эмитенттің пікірі бойынша, мұндай мәліметтерді жария ету Эмитенттің бағалы қағаздарын сатып алу туралы шешім қабылдау үшін маңызды болса, Эмитенттің басқа консультанттары туралы мәліметтер көрсетіледі.

42. Эмитенттің аудиторлық ұйымы туралы мәліметтер:

- 1) Тиісті аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымдарға тиістілігін көрсете отырып, эмитенттің соңғы аяқталған 2 (екі) қаржы жылы үшін қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асырған (жүзеге асыратын) аудиторлық ұйымдардың толық ресми атауы (аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса):

Эмитенттің 2017 және 2018 жылдардағы қаржылық есептілігінің аудитін «КПМГ Аудит» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Қазақстан) жүзеге асырды (Қазақстан Республикасының сертификатталған аудиторы – А.А. Урдабаева, 2012 жылғы 27 тамыздағы № МФ-0000096 аудитордың біліктілік куәлігі). Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2006 жылғы 6 желтоқсанда берген № 0000021 аудиторлық қызметпен айналысуға мемлекеттік лицензия. «КПМГ Аудит» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Қазақстан Республикасының аудиторлар палатасының мүшесі болып табылады;

- 2) Телефон және факс нөмірі, электрондық пошта мекенжайы (бар болса):

Тел.: +7 (727) 298-08-98, электрондық пошта: company@kpmg.kz

43. Осы проспектінің 19, 20, 21 және 22-тармақтарында көрсетілмеген, бірақ «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» 1998 жылғы 22 сәуірдегі және «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес эмитенттің үлестес тұлғалары болып табылатын Эмитенттің үлестес тұлғалары:

- 1) Жеке тұлға үшін - Эмитенттің үлестес тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);
- 2) Заңды тұлға үшін - Эмитенттің үлестес тұлғасының толық атауы, орналасқан жері және бірінші басшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса).

Егер осы заңды тұлға жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылса, онда қатысу үлесін көрсете отырып, осы заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің он және одан да көп пайызын иеленетін қатысушылары туралы мәліметтер көрсетіледі:

жеке тұлға үшін - тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);

заңды тұлға үшін - толық атауы, орналасқан жері;

- 3) Оларды эмитенттің үлестес тұлғаларына жатқызудың негізі және эмитентпен үлестес болған күн.

Эмитент жарғылық капиталына қатысу үлестерінің немесе акцияларының он немесе одан көп пайызына иелік ететін, заңды тұлға болып табылатын эмитенттің үлестес тұлғасына қатысты қосымша:

Эмитент жарғылық капиталына қатысу үлестерінің немесе акцияларының он немесе одан көп пайызына иелік ететін заңды тұлғаның толық атауы, орналасқан жері және бірінші басшысының тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса);

Эмитентке тиесілі жарғылық капиталына қатысу үлестерінің немесе акцияларының осы заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы орналастырылған акциялардың немесе қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық қатынасы;

Эмитент жарғылық капиталына қатысу үлестерінің немесе акцияларының он немесе одан көп пайызына иелік ететін заңды тұлғаның негізгі қызмет түрлері;

Эмитент осы заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы акциялардың немесе акциялардың он немесе одан да көп процентін иеленген күн;

егер заңды тұлға жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылса, онда қатысу үлесін көрсете отырып, осы заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің он және одан да көп пайызын иеленетін өзге қатысушылары туралы мәліметтер көрсетіледі:

жеке тұлға үшін - тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);

заңды тұлға үшін - толық атауы, орналасқан жері.

Арнайы қаржы компаниясы облигацияларды шығарған кезде, үлестестікті тану және оның пайда болу күнін көрсете отырып, секьюритилендіру мәмілесіне тараптардың үлестестігі туралы ақпарат ашып көрсетіледі.

№ п/п	Толық атауы/Аты-жөні	Резиденттігі	Қатысу үлесі (құрылтайшылар үшін)	Үлестестікті тану үшін негіздер	Үлестестіктің пайда болған күні	Ескертпе
1	Ниязбекова Жанар Амангелдыевна	Резидент	100%	ЖШС туралы Заңның 12-1-б. 2-т. 1) тармақшасы	09.08.2010	"ТехноЛизинг" ЖШС құрылтайшысы /директоры
2	Алдабергенов Адылбек Калибекович	Резидент	-	ЖШС туралы Заңның 12-1-б. 2-т. 2) тармақшасы	28.06.2016	Құрылтайшының жұбайы
3	Ниязбекова Багдаш Суюнжановна	Резидент	-	ЖШС туралы Заңның 12-1-б. 2-т. 2) тармақшасы	09.08.2010	Құрылтайшының анасы
4	Ниязбеков Арсен Амангельдыевич	Резидент	-	ЖШС туралы Заңның 12-1-б. 2-т. 2) тармақшасы	09.08.2010	Құрылтайшының ағасы
5	«ТехноФактор» Мекен-жайы: 010000 Нұр-Сұлтан қ., Есиль ауданы, Туран даңғылы, 9 үй, ІЖ-6, ІЖ-7 кеңсе	Резидент	-	ЖШС туралы Заңның 12-1-б. 2-т. 4) тармақшасы	30.03.2013	Қызметтің негізгі түрі – факторинг.
	Ниязбекова Жанар Амангелдыевна, Мекен-жайы: 010000 Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қабанбай батыр даңғылы, 13 үй, 25 пәтер.	Резидент	100%	ЖШС туралы Заңның 12-1-б. 2-т. 1) тармақшасы	30.03.2013	«Техно-Фактор» ЖШС құрылтайшысы /директоры

Handwritten signature

Handwritten number 32

44. Эмитенттің облигацияларды шығаруға және оларға қызмет көрсетуге жұмсалған шығындарының сомасы, сонымен қатар бұл шығындардың қалай төленетіндігі туралы мәліметтер:

45.

Эмитент шығындарының атауы	Есептеу базасы
Қор биржасының алдын ала алымы	АЕК100-есе мөлшері
Облигацияларды Қор биржасының ресми тізіміне енгізу туралы өтінішті қарау үшін Қор биржасының листингтік алымы	Облигациялардың жиынтық номиналды құнының 0,015%-ы (кемінде АЕК100-есе мөлшері, АЕК 500-есе мөлшерінен аспайды)
Қор биржасының кіру листингтік алымы	Облигациялардың жиынтық номиналды құнының 0,015%-ы (АЕК100-есе мөлшерінен кем емес, АЕК 1500-есе мөлшерінен аспайды)
Қор биржасының жыл сайынғы листингтік алымы	Облигациялардың жиынтық номиналды құнының 0,025%-ы (АЕК100-есе мөлшерінен кем емес, АЕК1000-есе мөлшерінен аспайды)
«Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ қызметтері	Тарифке сәйкес
Қаржы консультантының қызметтері	Тарифке сәйкес

Шығыстар Эмитенттің өз есебінен қызметтерді жеткізушілердің шоттарына ақша аудару жолымен төленетін болады.

Директор



Пиязбекова Ж.А.

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есептің болжамы (мың теңге)

	2019	2020	2020	2021	2022	2022	2022	2023	2023
	жартыжыл	1-	2-	1-	1-	2-	1-	1-	2-
	дығы	жартыжыл	жартыжыл	жартыжыл	жартыжыл	жартыжыл	жартыжыл	жартыжыл	жартыжыл
	дығы	дығы	дығы	дығы	дығы	дығы	дығы	дығы	дығы
I. Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы									
1. Ақша қаражатының түсімі, барлығы	1 497 898	1 196 042	1 940 198	1 102 021	2 635 994	1 076 560	3 088 029	1 012 792	3 935 304
Лизинг шарттары бойынша сыйақы түсімдері	1 433 968	1 139 667	1 886 510	1 038 965	2 583 250	1 008 698	3 031 511	939 644	3 874 634
ескі жобала	1 335 308	869 544	505 978	467 930	349 854	208 527	158 551	0	47 951
АИШ жаңа жобалары (2019)	30 734	5 424	621 979	109 761	1 409 688	248 769	2 089 511	368 737	3 117 232
ДСТ жаңа жобалары (2019)	67 926	264 700	362 928	419 399	504 333	524 528	574 075	559 032	610 076
облигациялар	0	0	395 625	41 875	319 375	26 875	209 375	11 875	99 375
Өзге түсімдер	63 930	56 375	53 688	63 056	52 744	67 862	56 518	73 148	60 670
2. Ақша қаражатының шықуы, барлығы	1 468 540	1 139 043	1 684 313	866 566	2 185 868	674 369	2 631 447	580 440	2 986 891
операциялық шығыстар	340 676	348 702	305 209	366 138	320 470	384 444	336 493	403 667	353 318
қарыздар бойынша сыйақы төлеу	1 127 865	790 341	1 379 103	500 428	1 863 398	289 924	2 294 954	176 774	2 633 573
Ескі қарыздар	1 023 511	430 196	499 083	115 833	174 871	11 648	75 878	2 795	28 048
Облигациялар	0	140 000	140 000	140 000	140 000	140 000	140 000	140 000	140 000
Жаңа қарыздар	104 354	220 144	740 020	244 595	1 548 527	138 276	2 079 075	33 979	2 465 525
өзге төлемдер	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы	29 358	56 999	255 885	235 456	452 126	402 191	456 583	432 352	948 413
II. Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы									
1. Ақша қаражатының түсімі, барлығы	4 872 975	4 035 041	5 743 161	3 442 754	6 478 050	3 453 653	7 416 027	2 880 459	8 244 648
Лизинг шарттары бойынша НБ өтеу	4 872 975	4 035 041	5 743 161	3 442 754	6 478 050	3 453 653	7 416 027	2 880 459	8 244 648
ескі жобалар	3 257 995	2 483 749	2 502 560	1 546 593	1 722 910	980 752	849 580	0	391 218
АИШ жаңа жобалары (2019)	259 012	550 000	1 569 506	556 875	2 730 881	612 563	4 008 394	673 819	5 284 151
ДСТ жаңа жобалары (2019)	855 968	1 001 292	1 019 779	1 260 338	1 445 312	1 781 391	1 979 105	2 127 693	1 990 331



34

облигациялар		500 000	0	651 316	78 947	578 947	78 947	578 947	78 947	578 947
2. Акша қаражатының шығуы, барлығы		6 603 906	5 256 000	4 756 000	5 782 000	4 544 500	6 360 500	4 999 250	6 996 750	5 499 375
Лизинг нысаналары үшін ақы төлеу		6 598 906	5 250 000	4 750 000	5 775 000	4 537 500	6 352 500	4 991 250	6 987 750	5 490 375
соның ішінде жеткізушілерге ақы төлеу (облигациялар)		2 500 000	0	625 000	0	0	0	0	0	0
НҚ және MEA сатып алу		5 000	6 000	6 000	7 000	7 000	8 000	8 000	9 000	9 000
Инвестициялық қызметтен түскен акша қаражатының таза сомасы		-1 730 932	-1 220 959	987 161	-2 339 246	1 933 550	-2 906 847	2 416 777	-4 116 291	2 745 273
III. Қаржылық қызметтен түскен акша қаражатының қозғалысы										
1. Акша қаражатының түсімі, барлығы		5 500 000	3 200 000	4 400 000	3 500 000	3 400 000	2 900 000	3 200 000	3 500 000	4 000 000
Қарыздар алу		5 500 000	3 200 000	4 400 000	3 500 000	3 400 000	2 900 000	3 200 000	3 500 000	4 000 000
Жаңа қарыздар		3 500 000	3 200 000	4 400 000	3 500 000	3 400 000	2 900 000	3 200 000	3 500 000	4 000 000
Облигациялар		2 000 000	0	0	0	0	0	0	0	0
2. Акша қаражатының шығуы, барлығы		3 525 689	2 542 328	4 666 971	2 164 377	4 476 545	901 757	5 177 190	519 830	7 675 845
Қарыздарды өтеу		3 525 689	2 542 328	4 666 971	2 164 377	4 476 545	901 757	5 177 190	519 830	7 675 845
Ескі қарыздар		3 220 744	2 116 504	2 659 608	1 488 553	1 050 721	225 933	531 365	11 588	321 230
Облигациялар		0	0	0	0	0	0	0	0	2 000 000
Жаңа қарыздар		304 945	425 824	2 007 363	675 824	3 425 824	675 824	4 645 824	508 242	5 354 615
Қаржылық қызметтен түскен акша қаражатының таза сомасы		1 974 311	657 672	-266 971	1 335 623	-1 076 545	1 998 243	-1 977 190	2 980 170	-3 675 845
Акша қаражатының ұлғайы / азайы		272 737	-506 288	976 075	-768 167	1 309 131	-506 413	896 170	-703 769	17 841
Кезеңнің басындағы қалдық		1 743 670	2 016 408	1 510 120	2 486 195	1 718 028	3 027 158	2 520 746	3 416 915	2 713 146
Кезеңнің аяғындағы қалдық		2 016 408	1 510 120	2 486 195	1 718 028	3 027 158	2 520 746	3 416 915	2 713 146	2 730 988



**ПРОСПЕКТ ПЕРВОГО ВЫПУСКА
НЕГОСУДАРСТВЕННЫХ ОБЛИГАЦИЙ
Товарищества с ограниченной ответственностью
«ТехноЛизинг»**

Полное наименование Эмитента: Товарищество с ограниченной ответственностью «ТехноЛизинг»

Сокращенное наименование Эмитента: ТОО «ТехноЛизинг»

Государственная регистрация выпуска негосударственных облигаций (облигационной программы, выпуска негосударственных облигаций в пределах облигационной программы) уполномоченным органом не означает предоставление каких-либо рекомендаций инвесторам относительно приобретения негосударственных облигаций, описанных в проспекте, и не подтверждает достоверность информации, содержащейся в данном документе.

Должностные лица эмитента подтверждают, что вся информация, представленная в нем, является достоверной и не вводящей в заблуждение инвесторов относительно эмитента и его размещаемых негосударственных облигаций.

В период обращения негосударственных облигаций эмитент обеспечивает раскрытие информации на рынке ценных бумаг на интернет-ресурсе депозитария финансовой отчетности в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан о рынке ценных бумаг.

г. Нур-Султан, 2019 г.

Глава 1. Общие сведения об Эмитенте

1. Информация об Эмитенте в соответствии с учредительными документами:

- 1) Дата первичной государственной регистрации Эмитента: 09 августа 2010 года.
Орган регистрации: Министерство Юстиции Республики Казахстан, Управление юстиции Есильского района Департамента юстиции города Астана;
- 2) Дата государственной перерегистрации Эмитента (в случае если осуществлялась перерегистрация): 27 июля 2016 года;
- 3) Полное и сокращенное наименование Эмитента на казахском, русском и английском (при наличии) языках:

	Полное наименование	Сокращённое наименование
На государственном языке	«ТехноЛизинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестік	«ТехноЛизинг» ЖШС
На русском языке	Товарищество с ограниченной ответственностью «ТехноЛизинг»	ТОО «ТехноЛизинг»
На английском языке	TechnoLeasing Limited Liability Partnership	TechnoLeasing LLP

- 4) В случае изменения наименования Эмитента указываются все его предшествующие полные и сокращенные наименования, а также даты, когда они были изменены:

Наименование Эмитента не изменялось;

- 5) Если Эмитент был создан в результате реорганизации юридического лица (юридических лиц), то указываются сведения о правопреемстве в отношении реорганизованных юридических лиц и (или) Эмитента:

Эмитент не был создан в результате реорганизации юридического лица (юридических лиц);

- 6) В случае наличия филиалов и представительств Эмитента указываются их наименования, даты регистрации (перерегистрации), места нахождения и почтовые адреса всех филиалов и представительств Эмитента в соответствии со справкой об учетной регистрации филиалов (представительств) юридических лиц:

Эмитент не имеет зарегистрированных филиалов либо представительств.

Дополнительная информация:

Головной офис ТОО «ТехноЛизинг» расположен по адресу: г. Нур-Султан, 010000, пр. Туран, 11, ВП-1, тел. +7 (717) 268 80 79.

ТОО «ТехноЛизинг» имеет представителей, работающих на основании Индивидуального трудового договора, в следующих городах: г. Алматы, г. Костанай, г. Павлодар, г. Петропавловск, г. Кызылорда, г. Караганда, г. Усть-Каменогорск.

Адреса подразделений ТОО «ТехноЛизинг»:

- г. Алматы, 050000, ул. Шевченко, 165б, угол ул. Радостовца 72г, офис 612, тел. +7 (727) 323 61 70, +7 (727) 224 49 89;
- г. Костанай, 110000, ул. Баймагамбетова, 199, офис 213, тел. +7 (714) 291 71 70;
- г. Павлодар, 140000, ул. Короленко, 109, 3 этаж, тел. +7 (718) 220 91 67;
- г. Петропавловск, 150000, ул. Букетова, 31А, БЦ «Алем», 3 этаж, тел. +7 (715) 252 11 11;

- г. Кызылорда, 120000, ул. Журба 12, офис 308, тел. +7 (724) 270 79 68;
 - г. Караганда, 100000, ул. Ленина, 5, офис 113, тел. +7 (721) 250 43 64;
 - г. Усть-Каменогорск, 070000, пр. Сатпаева, 64, офис 605, тел. +7 (723) 260 60 51;
- 7) **Бизнес-идентификационный номер Эмитента:** 100840004834;
